

А. Карамулдина, 2-курс
Ғылыми жетекшісі: А. Ж. Бижанова, оқытушы
(Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің экономика, бизнес және құқық колледжі)

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ТҮНГІ ОЙЫН-САУЫҚ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ ЖҮРУІ

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексінде кәмелетке толмағандардың әкімшілік жауаптылығы туралы 9-тарауы арналған. Бұл тарауда әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде он алты жасқа толған, бірақ он сегіз жасқа толмаған адамдар осы тараудың күші қолданылатын кәмелетке толмағандар деп танылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандарға тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шаралары қолданыла отырып, әкімшілік жаза тағайындалуы мүмкін екендігі ҚР ӘҚБтК-нің 72-бабының 2-тармағында көрсетілген.

Кәмелетке толмаған адамға салынатын әкімшілік айыппұлдың мөлшеріне қарамастан, айлық есептік көрсеткіштің бестен бір бөлігінен кем болмауға және он айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс. Айыппұл кәмелетке толмаған адамда бар мүліктің есебіне төленеді. Кәмелетке толмаған адамның айыппұл төлеуге жеткілікті мүлкі болмаған жағдайда, айыппұл ата-анасына немесе олардың орнындағы адамдарға салынады.

- Ата-аналарының немесе олардың орнындағы адамдардың не мамандандырылған мемлекеттік органның қадағалауына беру;
- Келтірілген зиянның есесін толтыру міндетін жүктеу;
- Бос уақытын шектеу және кәмелетке толмаған баланың мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың алдын алуына, кәмелетке толмаған балаларға тәрбие беру мақсатында тәрбиелік ету шаралары қолданылады.

Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың соттылығына ата-аналардың немесе басқа да заңды өкілдерінің балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамауы, кәмелетке толмаған адамды әкімшілік құқық бұзушылық жасауға тарту, кәмелетке толмаған адамды мас болу күйіне дейін жеткізу, алкогольді ішімдік сату және темекі бұйымдарын сату және т. б. жатады.

Қазіргі уақытта ойын-сауық мекемелерінде кәмелетке толмағандар жасайтын құқыққа қарсы әрекеттер деңгейі өсті. Осыған байланысты, Заңда балалар қараусыздығының профилактикасы және кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықты алдын ала ескертуіне бағытталған құқықтық шаралар жиынтығы қарастырылған, сонымен қатар:

1. заңды өкілдердің қарауынсыз түнгі уақытта (22.00-ден 06.00-сағатқа дейін) ойын-сауық мекемелеріне кәмелетке толмағандардың баруына шектеу енгізіледі;

2. ойын-сауық мекемелеріне кәмелетке толмағандарды кіргізген, ойын-сауық мекемелердің лауазымды тұлғаларына әкімшілік жауапкершілік орнатылады;

3. ойын-сауық мекемелерінде кәмелетке толмағандар болғаны үшін ата-аналарға әкімшілік жауапкершілік орнатылады;

4. қаңғырушылықпен және қайыршылықпен айналысуға балаларды қатыстырғаны үшін ата-аналарға әкімшілік жаза орнатылады;

5. кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылық жасауға қатыстырған тұлғалармен жеке профилактикалық жұмыстар өткізу қарастырылған.

Аталмыш кодекстің 72-бабына сәйкес, он алты жас пен он сегіз жас аралығындағылар кәмелетке толмағандар деп танылады. Оларға салынатын әкімшілік айыппұлдың мөлшері Кодекстің ерекше бөлімінің бабында көзделген айыппұл мөлшеріне қарамастан, айлық есептік көрсеткіштің бестен бір бөлігінен кем болмауға және он айлық есептік көрсеткіштен аспауы тиіс. Айыппұл кәмелетке толмаған азаматтың мүлкінің есебінен төленеді. Кәмелетке толмаған азаматтың айыппұл төлеуге жеткілікті мүлкі болмаған жағдайда, айыппұл ата-анасына немесе олардың орнындағы азаматтарға салынады. Сондай-ақ, қазіргі кезде балалардың ата-аналарынсыз, үлкендерсіз түнгі уақытта (сағат 22.00-ден таңғы 06.00 дейін) ойын-сауық мекемелерінде болуы әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекске енгізілген толықтыруға байланысты жауапкершілікке шақырады. Сонымен қатар, аталмыш кодекстің 112-1-бабында кәмелет жасына толмағандардың заңды өкілдерінің ертіп жүруінсіз түнгі уақытта (сағат 22.00-ден таңғы 06 дейін) ойын-сауық мекемелерінде болуына жол бергені үшін ойын-сауық мекемелерінің лауазымды адамдарына да жауаптылық көзделген.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 2010 жылдың 1 тоқсанында жоғарыдағы Кодекстің 336-3-бабына сай 59 ата-ана, 12 ойын-сауық мекемелерінің лауазымды адамдары әкімшілік жауаптылыққа тартылған. Жасөспірімдер тарапынан ата-аналарының немесе үлкендердің қадағалауынсыз түнгі уақытта ойын-сауық мекемелеріне барып ішімдіктер ішіп, әртүрлі құқықбұзушылықтар мен қылмыстар жасалатыны анық. Сол себепті, кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың алдын алу мәселелерін тек құқық қорғау органдарына ғана жүктемей, қоғам болып, жасөспірімдердің жүріс-тұрыстарына ата-аналары дұрыс бақылау жасап, тиісті деңгейде тәрбие берсе, бұл мәселелер өз орнын тауып, жастарымыздың болашаққа деген көзқарастары әлдеқайда басқаша болары анық.